# ОБЛЫС БІРІНШІЛІГІ ӨТТІ

Өткен аптаның аяғында кентімізде БЖСМ спорт залында Қарағанды облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы мен Ақадыр кентінің балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің ұйымдастыруымен жасөспірімдер мен жастар арасында пауэрлифтинг спорт түрінен штанганы жатып сығымдаудан облыс біріншілігі өтті. Жарысқа Қарағанды, Теміртау, Абай, Приозерск қалаларының, Шет ауданы Ақадыр кентінің 120 спортшысы қатысты. Біріншілік барысында барлығы 33 медальдар комплектісі ойнатылды.



Жалпыкомандалық есеп бойынша бірінші орынды теміртаулықтар, екінші орынды ақадырлықтар, үшінші орынды қарағандылықтар жеңіп алды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы дипломдармен, медальдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Жеңіске жеткен спортшылар елімiздің Орал қаласында өтетін Казақстан Республикасының чемпионатына қатысуға жолдама алды.

Өткізілген шарада пауэрлифтинг спорт түрінен ардагерлер арасында әлем, Азия, республикамыздың бірнеше мәрте чемпионы, ҚР еңбегі сіңген жаттықтырушы Оспанов Дәрібай Қараманұлы жарысқа қатысушылардың алдында құттықтау сөз сөйлеп, спортшыларға толағай табыстар тіледі.

**Өз тілшімізден,**
**Ақадыр кенті.**

Шет шұғыласы. - 2024. - 23 мамыр (№21). - 8 б.